Бікминал әсерлер туралы есептерді құрастырушылардың деректемелері мен байланыс деректері: "Audit Ecology" ЖШС, БИН 180840031539, , Актобе қ., Маресьев к-сі, 77, 3-пәтер, байланыс номері: 8 (7132) 55-06-08 Сисенбаева С.К.

Жобаның құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz/>, сондай-ақ әкiмдiгiнiң сайтында танысуға болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>

Барлық ескертудер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ E-mail бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады: info@iacoos.kz және тел. 8(708)3229070, 8(7172)248258, 8(7172)248356, 8(7172)248334

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, элеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Интернеттері байланыс системесі:

<https://us06web.zoom.us/j/81512063947?pwd=U0pGNEdFRlhPTnQzWENZRWJBS0QxZDZ09>

конференция идентификаторы: 815 1206 3947 кіру коды: 337362

E-mail: audit-ecology@mail.ru, info@gpci.kz, atokambetova@gpci.kz

**Доклад о предприятии первого заместителя директора ТОО «GPC Investment»
Шуленбаева Нурболата Мергенбаевича**

Бүгін ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес қуаттылығы жылына 1 млрд. текше метр газды кешенді дайындау қондырғысын салу жобасының " қоршаған ортаға тигізуі мүмкін әсері туралы есептік жобаларына қоғамдық тыңдауды өткізгелі отырмыз. Сіздермен жүздесудің басты мақсатымыз – Ескенедегі салынып жатқан газ өңдеу зауытының экологияға әсер етуін талқылау.

Сіздердің ұсыныстарыңыз, шағымдарыңыз біз үшін өте маңызды. Себебі бұл жоба халықтың, елдің игілігіне салынғалы отыр. Ел тұрғындарын газбен қамтамасыз ету – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұдайы назар аударып отырған басым бағыттардың бірі.

Ең алдымен Сіздердің назарларыңызға осы жобаның операторы болып табылатын GPC Investment компаниясы бойынша өткен жылы орын алған өзгерістер жайында баяндап берейін.

Өткен жылдың тамыз айында 1 млрд. текше метр газды өңдеу зауыты жобасының операторы болып табылатын GPC Investment компаниясы мемлекеттік меншікке, яғни Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне өткен болатын. Еліміздің газ өндірісін дамыту мәселесі QazaqGaz ҰК-ның міндеті болғандықтан, бұл жобаны басқару сенімгерлік келісім бойынша осы компанияға жүктелді. **Яғни, қазір газ өңдеу зауытын салу жобасы жеке инвесторларға емес, мемлекетке, ал оны басқару QazaqGaz'ға тиесілі.**

QazaqGaz ҰК-ның «**Жаңарған QazaqGaz**» жаңа стратегиясын жүзеге асыру аясында жаңа газ өңдеу зауыттарын салуға және қоршаған ортаны іс жүзінде жақсартуға басымдылық беріліп отыр. Алайда бұл стратегияны жүзеге асыру оңай болып отырған жоқ, себебі қазіргі уақытта Қазақстан табиғи газдың бағасы ең төмен ел болып табылады, сондықтан бұл салаға инвестицияны тарту қиынға соғып тұр. Еліміздің негізгі газ қорының 70 пайызы Батыс өңірлерінде шоғырланған, сондықтан негізгі өндіріс және өңдеу көздері де осы жерде орналастырылуда.

Газ – энергия көзін ауыстыруда және ESG принциптерін ұстануда, яғни экология, әлеуметтік және мемлекеттік салаларда басқару принциптерін жүзеге асыруда транзиттік отын болып табылады. Көмірді газбен алмастыру 2050 жылға қарай елдегі CO2 (көмір қышқыл газ) шығарындыларын 10-20 пайызға қысқартып, экономиканы декарбонизациялау саясатында маңызды рөл атқаруы мүмкін. Қазақстанда өндірілетін газдың 90 пайызы ілеспе газ болатынын ескере келе, жаңа өңдеу қуаттарын салу және іске қосу өте өзекті мәселе болып тұр.

2030 жылға қарай елімізде газдың жылдық тапшылығы 10 млрд текше метр деңгейінде болжануда. Мемлекетіміз, ішкі нарықтағы сұраныстың артуына байланысты газ экспортын ағымдағы жылы немесе 2024 жылы толығымен тоқтатып, оны тек ішкі нарықта қалдыруға мәжбүр. Бұған қарамастан, сұранысты толығымен қанағаттандыру, яғни елімізді табиғи газбен қамтамасыз ету тиісті шаралардың жүзеге асырылуынсыз қиынға соғып отыр.

Келесі слайд 2-3:

Статистикаға шолу жасайтын болсақ, жоғарыда айтылғандай, Қазақстанда газ тұтыну көлемі жыл сайын артып келеді және 2030 жылға қарай жылдық газ тапшылық деңгейі 10 млрд. текше метрге жететіндігі болжануда. Шұғыл шаралар қабылданбаса, 2023 жылы газ экспорты тоқтатылады және газ бағасының тиімсіз болуына байланысты ұлттық оператордың дефолтқа ұшырау қаупі жоғары. **Осыған байланысты жаңа газ өңдеу зауыттарының салынуы және іске қосылуы еліміздің ішкі нарығын газбен қамтамасыз етудегі жалғыз мүмкіндік.**

2021 жылы ішкі нарықтағы тұтыну көлемі 50%-ға өсіп, 17,5 млрд текше метрді құрады. Ал 2022 жылы тіркелген QazaqGaz абоненттерінің саны 1,47-ден 2,2 миллионға дейін өсті, яғни 48%-ға ұлғайды.

Осыған байланысты, қазіргі таңда газды келесі қажеттіліктерге жұмсауда басымдылық айқындалып, берілгелі отыр:

- жергілікті халықтың тұтынуына;
- отын-энергетика кешендері (ТЭК) мен шағын-орта бизнес өкілдерін қаматтасыз ету;
- перспективті тұтынушыларға жеткізу;
- экспортқа жөнелту.

Келесі слайд 4:

Біздің жобаның басты мақсаты - ілеспе газдан Қазақстан Республикасының аумағында сұранысқа ие тауар өнімдерін өндіру. Ілеспе мұнай газы «Болашақ» зауытынан арнайы соғылатын құбыр арқылы газ өңдеу зауытына жеткізілетін болады.

Зауыт жыл сайын 1 млрд. текше метр ілеспе мұнай газын өңдеп, нәтижесінде келесі дайын өнімдерді алауға мүмкіндік береді:

- тауарлық газ (бензинсіздендірілген құрғақ газ) – жылына 700 млн текше метрге дейін,
- Сұйытылған көмірсутекті газ (СПБТ- техникалық пропан-бутан қоспасы) – жылына 114 мың тонна,
- Газ конденсаты (ГК) – жылына 14 мың тонна,
- түйіршіктелген күкірт – жылына 204 мың тонна.

Жобаның артықшылықтары:

- халыққа жеткізілетін тауарлық газ мөлшерінің артуы;
- сұйытылған (пропан-бутан қоспасы) газдың көлемінің ұлғаюы;
- елді газдандыру есебінен көмір тұтынуды азайту;
- жер асты қабатына газды қайта айдау көлемін азайту;
- ішкі нарықты тауарлық газбен қанықтыру;
- шағын және орта бизнесті дамыту мүмкіндігі;
- жұмыс орындарын ұйымдастыру;

Сонымен қатар, **Атырау облысы бойынша ірі** (ПБР-ПУУД және КРІ) құрылыс нысандарынан босатылған білікті мамандарды жұмысқа тарту мүмкіншілігі де қарастырылуда.

Бұл Жоба мемлекеттік қаражат және сыртқы көздерден тартылған инвестициялар есебінен қаржыландырылатын болады.

Келесі слайдтар 5-6:

Құрылыс жұмыстарын қайта жандандыру мақсатында қосымша жұмыс күшін мобилизациялау шаралары басталғалы отыр. Алайда, құрылыстың белсенді фазасына, барлық рұқсаттарды алғаннан кейін шығатын боламыз, себебі қазіргі таңда зауыттың жобасы түзетілуге беріліп Мемлекеттік сараптамада қаралуда.

1. 2022 жылдың қараша айында жұмысы қайта жандандырылған бұл Жобаға, Мемлекеттік сараптаманың Түзетуге берген қорытындысының оңтайлы шешілуіне байланысты қосымша жұмыс күшін тарту іс-шаралары ағымдағы жылдың мамыр, маусым айларына жоспарлануда;
 - Жоспар бойынша, 2023 жылдың 3-ші тоқсаны мен 2024 жылдың 2-ші тоқсаны аралығында Жобаға жұмылдырылған жұмысшылар саны 900 адамнан асып,
 - Шарықтау шегі 2023 жылдың тамыз, 2024 жылдың ақпан айлары аралығына сай келеді және адам саны 2000-нан асып жығылады;
2. Қазіргі таңда құрылыс алаңында 470-500-ге жуық адам қызмет көрсетуде. Бұл ретте қосалқы мердігер Атырау облысының 278 адамын жұмысқа қабылдады, оның ішінде Мақат ауданының 57 тұрғыны да бар (Доссор а. – 43, Мақат а. – 8, Ескене ст. – 6).

3. Бұдан әрі де, Жобаның сұранысына және біліктілікке сәйкес Персоналды жұмысқа іріктеу және қабылдау жұмыстары Атырау облысы әкімдігінің нұсқауы және бірлескен келісім бойынша, жоспарлы түрде келесі жолдармен жүзеге асырылмақ:
- Атырау облысының жұмыспен қамту басқармасы және Samruk Qyzmet.kz, Enbek.kz сайты арқылы,
 - Атырау қаласы мен Мақат ауданындағы Бос орындар жәрмеңкесі арқылы жүйелі түрде жүргізіледі.

Бұл жерде, тыңдаушылардың назарына сала кететін келесі жәйттерді атап өткім келеді:

Қазіргі уақытта Бас мердігердің мәртебесі әлі де айқындалмады;

Құрылыс жұмыстарын алдыңғы Бас мердігер тартқан Қосалқы мердігер КСС компаниясы жалғастыруда;

Оператор GPC Investment компаниясы мен Қосалқы мердігер КСС компаниясының арасында тікелей келісім-шарт қатынасы жоқ;

Кейбір технологиялық шешімдердің өзгеруіне және толықтырылуына байланысты Жоба түзетуге беріліп оң қорытындыға ресми түрде кол жеткізілді;

Жобаның түзетілуіне және істелуі тиіс жұмыс көлемінің өзгеруіне байланысты Жобаның сметасына да түзетулер енгізілуде. Жоба сметасы даярланып болған соң Мемлекеттік сараптамадан қайта өткізіледі;

Бас мердігер мәртебесі 2023 жылдың маусымына дейін анықталатын болады.

Доклад главного специалиста отдела КЖ ТОО« Проектный институт «Промстройпроект» - Каримовой Гульбаршин Сафиуллиевны

Слайд №7 Нысанның орналысуының ситуациялық карта-схемасы

Газды комплексті өңдеу қондырғысының (ГКӨҚ) орналасқан жері Ескене станциясынан 4,6 шақырым, «Болашақ» Газды комплексті өңдеу қондырғысынан (ГКӨҚ) 12,6 шақырым, Атырау қаласынан 60 шақырым ара қашықтықта орналасқан.

Слайд №8 Су нысандарына қатысты нысанның орналасуының ситуациялық карта-схемасы

Газды комплексті өңдеу қондырғысы (ГКӨҚ) Орал өзенінен 60 шақырым, Каспий теңізінің жағалауынан 75 шақырым ара қашықтықта орналасқан.

Слайд №9 Жалпы технологиялық схема

Ілеспе мұнай газы «Болашақ» Мұнай мен газды комплексті өңдеу қондырғысынан (ГКӨҚ) Қашаған Газды комплексті өңдеу қондырғысының (ГКӨҚ) кіріс сепараторлық қондырғысына жіберіледі, онда газ механикалық қоспалардан тазартылады, бір фазалы күйге келтіріледі, жұмыс қысымы мен температурасы тұрақтандырылады.

Әрі қарай газ құрамында күкірт бар компоненттерден абсорберлерде амин ерітіндісімен екі қатарлы екі сатылы газды тазартуға беріледі.

Осыдан кейін күкіртсіздендірілген газ газды кептіру қондырғысына түседі, онда ол молекулалық електерде кептіріледі және меркаптандардың қалдық құрамы жойылады.

Жеңіл көмірсутектерді алу қондырғысында күкіртсіздендірілген

және кептірілген газ турбокеңейткіште төмен температуралық айдау жолымен бөлшектерге бөлінеді, сондай-ақ тауарлық газ, пропан, бутан немесе техникалық пропан бутан қосалқысы, газ композиті сияқты өнімді алумен бөлшектеу бағаналарында бөлшектерге бөлінеді.

Тауарлық газ «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамының Қашаған күшейткіш компрессорлық станциясы арқылы «Мақат-Солтүстік Кавказ» газ құбырына жеткізіледі, ал пропан, бутан және газ конденсаты сақтау паркіне шар пішінді сақтау құрылғыларында және одан әрі теміржол немесе автотасымалдауға жіберіледі.

Аминді өңдеу блогынан шыққан қышқыл газ Клаус әдісімен күкіртті қалпына келтіру қондырғысына түседі, онда ол элементтік күкіртке айналады және сұйық күйде күкірт

шұңқырларына түседі, содан кейін қалдық күкірті бар газдар SCOTT әдісімен қалдық газды тазарту қондырғысына жіберіледі.

Сұйық күкірт түйіршіктеу цехына түсіп түйіршік күйде, теміржол вагондарымен жөнелтіледі.

Слайд №10 Газды кешенді дайындау қондырғыларын пайдалану кезінде қоршаған ортаға кері әсерді азайту үшін қолданылатын заманауи технологиялар мен әртүрлі жоспарланған іс-шаралар

Күкіртсіздендіру қондырғысына арналған DOW UCARSOL™ HYBRID 920,940 амин ерітіндісі газды қышқыл компоненттерден (күкіртті сутегі (H₂S), көмірқышқыл газы (CO₂), этилмеркаптан, метилмеркаптан, пропилимеркаптан) тазалау үшін қолданылады. Бұл ерітінді меркаптанарды жою пайызы және айналымға және регенерацияға жұмсалатын энергияның неғұрлым төмен пайдалану шығындары бойынша неғұрлым тиімді, мысалы, DOW ерітіндісін пайдалану MDEA ерітіндісін пайдаланумен салыстырғанда 1,5 есе аз.

SCOT әдісін қолданылуы DOW UCARSOL HS-103 тұжырымдалған ерітіндісімен кейінгі жанарғыға түсетін қалдық газдағы күкіртсутегінің концентрациясын кем дегенде 99,5% күкірт алуды қамтамасыз ететін деңгейге дейін төмендету үшін қолдану.

Тиімділігі жоғары BASF 13X, Durasorb HD, Durasorb HR4 молекулалық електерін қолдану.

Қолданудың артықшылықтары:

- су буының және меркаптан қосылыстарының адсорбциялық қабілетінің жоғары деңгейі,

- десорбция процесіндегі энергия шығындарының төмендігі,

- жоғары механикалық беріктік/сапа,

- ұзақ қызмет мерзімі және пайдалану шығындарының төмендігі.

Инновациялық жабық типті факел қондырғысы (ЖТФ)

Жабық типті факел конструкциясы ашық факел типтермен салыстырғанда көптеген артықшылықтарға ие:

- Түтінсіз жану;

- Шу әсерінің азаюы;

- Бу түзілу үшін су көлемінің қолдануының төмендеуі;

- Қоршаған ортаға тасталатын көмірсутектер мен ұшпалы органикалық қосылыстардың көлемінің төмендеуі.

Слайд №11 Газды кешенді дайындау қондырғыларын пайдалану кезінде қоршаған ортаға кері әсерді азайту үшін қолданылатын заманауи технологиялар мен әртүрлі жоспарланған іс-шаралар

түйіршіктелген күкіртті теміржол вагондарына тиеу процессін автоматтандыру үшін реклеймерлерді қолдану;

• Түйіршіктелген күкіртті теміржол вагондарына тиеуді автоматтандыру;

• Тиеу жұмыстары кезінде күкірті бар тозаң бөлшектерінің қоршаған ортаға таралуын азайту;

• Өтінімдердің түсуіне қарай пайдалану.

Сұйық күкірттің жер асты қоймаларын қолдану

• Құрамында күкірті бар тозаң бөлшектерінің қоршаған ортаға таралуын азайту;

• Күкірт карталарына арналған жер учаскелерін пайдалану қажеттілігін жою.

Суды тазарту және қайта пайдалануды қамтамасыз ететін технологияларды пайдалану:

• Вахталық ауылдан, саниралық-қорғау аймағынан, өрт депосынан, газды кешенді дайындау қондырғыларынан тұрмыстық су ағындарын тазалау блогы;

• Газды кешенді дайындау қондырғыларынан өндірістік-жауын ағындарын тазалау блогы;

• Қышқыл суды булау блогы;

• Құрамында тұз бар су ағынның булау блогы.

Слайд №12 **Жобаны түзетудің негізгі себептері**

1. Негізгі және қосалқы технологиялық жабдықтардың топтастыру, орналасу орындарын өзгертуі;
2. Алдыңғы слайдтарда көрсетілген бірқатар жаңа технологиялық жабдықты қосуы;
3. Апаттық жағдайларға арналған ашық жану факелін қосуы;
4. Құрылыс мерзімдерін өзгертуі.

Бүгінгі күні Жоба сатысына түзету орындалды, «Мемсараптама» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының порталына жүктелді.

Слайд №13 **Газды кешенді дайындау қондырғысының құрылыс алаңының бүгінгі күйі**

Қондырғы құрылыс алаңында құрылыс-монтаж жұмыстарының бір бөлігі аяқталды, атап айтқанда:

Кәсіпорын аумағын торлы қоршау аяқталды;

Кәсіпорын шекарасындағы аумақтың тік/вертикальді жоспары аяқтады;

Жер, темір-бетон жұмыстары, металл конструкцияларын орнату бір қатар титулдар бойынша аяқталған;

Автомобильдер мен темір жолдарды жайластыру 39 титул атауы – темір жол жолын жайластыру аяқталды.

Слайд №14 **Құрылысқа қажетті саз алынатын карьер**

Құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде Атырау обылысы Мақат ауданында орналасқан «Атырау Тау Кен» ЖШС тиесілі «Досалы-1» карьерінің сазы қолданылады.

Карьердің орналасқан жері:

- Құрылыс алаңының шығысында -2,5 шақырым
- Ескене жол айрығының оңтүстігінде - 3,56 шақырым.

Слайд №15 **Автоматтандырылған бақылау жүйесін (АБЖ) қолдану**

Қондырғыда келесі құрылғыларды орнату қарастырылған:

Бұл жоба санитарлық-қорғау аумағының шекарасында екі экологиялық бақылау бекетін орнатуды қарастырады, бірінші пост Ескене станциясы бағытында, екіншісі жұмыс істеп тұрған өндірістік нысандар бағытында орнатылған («Болашақ» ГКДҚ жағынан).

07 және 08 титул атаулары бойынша зауыт аумағында № 1 және 2 күкірт өндіру блогында пайдаланылған газды жағу пештерінің мұржаларына автоматтандырылған бақылау жүйесін орнату жоспарлануда, 16 титул атаудағы Жабық факелінде бақылау датчигі орнатылған.

Бақылау ұңғымалары жер асты суларының ластануын гидрогеологиялық бақылауға арналған, бұл жоба әрқайсысының тереңдігі 10 метр болатын сегіз бақылау ұңғымасын ұйымдастыруды көздейді, оның 4-і санитарлық-қорғау аумағының шекарасындағы түбегейлі нүктелерде орналасқан.

Газды кешенді дайындау қондырғыларының аумағындағы бақылау ұңғымалары келесі атаулар бойынша қарастырылған:

21. Тұрмыстық сарқынды суларды тазарту қондырғысы -1 ұңғыма;
22. Өндірістік және жаңбыр ағындарын тазарту қондырғысы – 1 ұңғыма;
24. Жирақтап сақтау құрылғысы – 2 ұңғыма.

Қондырғының санитарлық қорғау аумағы 3300 м құрайды.

Доклад по экологической части ТОО «Audit Ecology» Алманиязова Гани Исламовича

№16 слайд

«Қоршаған ортаны қорғау бөлімі», «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Өндірістік экологиялық бақылау», «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары» жобалар - құрылыс, іске қосу-баптау жұмыстары және пайдалану кезеңдеріне әзірленді.

Ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы іске қосу-баптау жұмыстары мен пайдалану кезеңіне әзірленді.

Өндірістік экологиялық бақылауды аккредиттелген зертхана тоқсан сайын ауа, су, топырақ, радиация және физикалық әсерлер сынамаларын ала отырып жүргізеді. Талдау нәтижелерін алғаннан кейін қоршаған орта мониторингі бойынша тоқсан сайынғы есеп тапсырылады.

Бұл жобалар Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

№17 слайд

Атмосфералық ауа

Құрылыс кезеңінде шығарындылардың негізгі көздері:

- Қазандықтар мен генераторлардың түтін құбырларынан шығатын газдар;
- Станоктар;
- Дәнекерлеу және лак-бояу жұмыстары;
- Құрылыс техникасының жұмысы кезіндегі топырақтау.

Қондырғыны пайдалану кезеңіндегі атмосфераға зиянды заттардың негізгі шығарындылары келесілер нәтижесінде түседі:

• Регенерациялық газды қыздыру пешінен, компрессорлардан, қазандардан және т.б. түтін құбырларынан шығатын газдар.

• Жабдықтан мүмкін ағулар; технологиялық жабдықтардың, сораптың жабдықтардың және т.б. фланецтік қосылыстарының тығыз еместігінен болуы мүмкін шығулар.

• Өндірістік жайлардан желдету шығарындылары;

• Жанармай, көмірсутекті және қышқыл газдарды жабық типті факель қондырғысында жағу.

Алаң аумағында, санитарлы қорғау аймағы шекарасында және тұрмыстық аумақтағы барлық ластаушы заттар бойынша шашырауды есептеу жүргізілді. Кестеде көрсетілген басым ластаушылардың максималды концентрациясы, санитарлық-қорғау аумағында және тұрғын аумақта 1 шектеулі рұқсат етілгеннен аспайды. Барлық шығарындылар экологиялық нормативтердің шектерінде.

№18 слайд

Құрылыс, іске қосу жөндеу жұмыстары және стационарлы көздерден пайдалану кезеңінде ластаушы заттардың жиынтық шығарындыларын есептеу

Осы слайдта әр кезеңге ластаушы заттардың жиынтық саны бөлек, жылына қанша тонна қатты және қанша газ тәрізді заттар шығарылатындығы көрсетілген. Қатты заттар материалдарды, қалдықтарды шашу кезінде, дизель отынын жағу кезінде көміртегі шығарындылары және станоктармен жұмыс кезінде тасталады.

Газ тәрізді заттар газды факельде жағу кезінде, қазандықтардың, пештердің жұмысы кезінде, сонымен қатар дәнекерлеу және лак-бояу жұмыстары кезінде тасталады.

№19 слайд

Қалдықтарды басқарудың ұйымдастырылған құрылымының схемасы

Құрылыс кезеңінде 16 қалдық түрі (олардың 7-еуі қауіпті және 9-ы қауіпсіз) түзілетін болады. 2023 жылы - 918 тонна, 2024 жылы - 799 тонна көлемінде.

іске қосу жөндеу жұмыстары кезеңінде 27 қалдық түрі (олардың 16-сы қауіпті және 11-і қауіпсіз) түзілетін болады. Барлығы: жылына 56334 тонна.

2025 бастап 2032 жылға дейін пайдалану кезеңінде жылына 1149 тонна көлеміндегі 48 қалдық түрі (олардың 20-сы қауіпті және 28-і қауіпсіз) түзілетін болады.

Қалдықтарды басқару Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сай жүзеге асырылады.

Кәсіпорында қалдықтарды ол түзілгеннен кейін бірден сұрыптау жүргізіледі, кейін қалдықтар арнайы жабдықталған контейнерлерге уақытша сақталуға жіберіледі. Қалдықтарды шығару және пайдаға асыру қайта өңдеуге хабарламаның және лицензияның болуымен мамандандырылған ұйымдармен жүзеге асырылады. Қазіргі сәтте қатты-

тұрмыстық және құрылыс қалдықтары «Транс Инвест» жауапкершілік шектеулі серіктестік компаниясымен «Спецавтобаза» жауапкершілік шектеулі серіктестік полигонына, өндіріс қалдықтары (күйіктер, сүзгілер, шүберек, бояудан босатылған ыдыстар) «NASAR SOLUTIONS» жауапкершілік шектеулі серіктестік полигонына шығарылады.

Қалдықтардың негізгі қауіпті түрлері бұлар:

- Пайдаланылған майлар;
- Пайдаланылған аккумуляторлар
- Пайдаланылған ыдыс
- Пайдаланылған катализаторлар
- Сүзгілеуші материалдың қалдықтары

Қалдықтардың негізгі қауіпті емес түрлері бұлар:

- Молекулалық елек
- Молекулалық електен бос ыдыс
- Тамақ қалдықтары
- Қатты тұрмыстық қалдықтар
- Құрылыс қалдықтары

№20 слайд Құрылыс кезеңіндегі сумен жабдықтау және су тарту

Құрылыс кезеңінде су ауыз су, шаруашылық-тұрмыстық, өртке қарсы және техникалық қажеттіліктер үшін пайдаланылатын болады.

Тұрмыстық қалашықтар мен құрылыс алаңдарын ауыз сумен қамтамасыз ету 20 литрлік ыдыстарда әкелінетін бөтелкедегі ауыз суды пайдаланумен қарастырылған. Ауыз су 91,39 м³/тәул. көлемінде «Caspian Bottlers» жауапкершілік шектеулі серіктестігінен шарт бойынша жеткізіледі.

Шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктерге сумен қамтамасыз ету «Атырау Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынмен шарт бойынша 77,33 м³/тәул көлемінде көзделеді.

Келесідей техникалық қажеттіліктер үшін: шаң басуды, бетон қоспасын дайындауды «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынмен (Мақат ауданының кәріз тазарту қондырғысы) шарт бойынша барлық кезеңде 891648 м³ көлемінде қажетіне қарай әкелу жоспарлануда.

Құрылыс кезеңінде тек септиктерде жиналатын шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулар болады. Шығару «Trans Invest-2020» жауапкершілік шектеулі серіктестік жүзеге асырады және одан әрі шарт бойынша «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынға береді. Құрылыс кезеңінде шаруашылық ағынды сулардың түзілу көлемі - 77,33 м³/тәул.

№21 слайд Іске қосу жөндеу жұмыстары және пайдалану кезеңіне сумен жабдықтау

Бұл слайдта іске қосу жөндеу жұмыстары және пайдалану кезеңіне арналған сумен жабдықтау схемасы көрсетілген.

«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбыры іске қосу жөндеу жұмыстары және пайдалану кезеңіне жоспарланған сумен жабдықтау көзі болып табылады, бірақ өңірдегі су тапшылығын түсіне отырып, кәсіпорын газ өңдеу кешенін орнатуын сумен қамтамасыз етудің баламалы нұсқаларын қарастыруда.

Іске қосу жөндеу жұмыстары және пайдалану кезеңінде қажетті судың көлемі келесідей:

- Ауыз су есептеулер бойынша 19,3 м³/тәул қажет болады;
- Шаруашылық-тұрмыстық су - 122,73 м³/тәул;
- Өртке қарсы және өндірістік су 281,5 м³/тәул көлемінде.

Шаруашылық-тұрмыстық, өртке қарсы, өндірістік және жаңбыр сулары айналымды сумен жабдықтау жүйесіне түседі.

Бұл жүйе таза суды алуды үнемдеу мақсатында өндірісте қайта пайдалану үшін ағынды суларды тазартуды қамтамасыз етеді.

№22 слайд Іске қосу жөндеу жұмыстары және пайдалану кезеңіне су тарту

Технологиялық процестерге байланысты іске қосу жөндеу жұмыстары кезінде және пайдалану кезеңінде ағынды сулардың келесі түрлері пайда болады:

- Шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулар 122,73 м³/тәул көлемінде;
- Құрамында тұз бар өндірістік науалар (1 254,64 м³/тәул);
- Өндірістік-жаңбыр (нөсер) сулары (306,72 м³/тәул).

Өңделмеген суды тұтынуды азайту үшін, технологиялық қажеттіліктер үшін тазартылған қайта өңделген суды ҚАЙТА пайдалануға мүмкіндік беретін қондырғылар қарастырылады:

- Вахталық ауыл, қысым күшейту компрессорлық станциясы, өрт депосы, газ өңдеу кешенін орнату (113,53 м³/тәул) тұрмыстық су науаларын тазалау блогы;
- газ өңдеу кешенін орнату өндірістік-жауын науаларын тазалау блогы (306,72 м³/тәул);
- Қышқыл суды булау блогы (349,44 м³/тәул).
- Құрамында тұз бар науаны булау блогы (203,72 м³/тәул).

Ластанған өндірістік ағынды сулар тазарту жүйесіне жаңбыр суымен бірге түседі және тазартудан кейін циклге оралады.

Жобада қарастырылған тазарту жүйелері тазартудан кейін циклге судың 65,2% дейін қайтаруға мүмкіндік береді.

№23 слайд Табиғатты қорғау шаралары

Кәсіпорын қоршаған ортаға әсерді жұмсартуға бағытталған табиғатты қорғау іс-шараларын өткізетін болады:

Ластаушыларды бақылау және атмосфералық ауаға әсерді азайту үшін жоспарлануда:

- Құрылыс кезеңіндегі шаң басу;
- Жабық типті факель қондырғысы;
- Шығатын газдарды жағу пеші қондырғысы;
- Ластаушы негізгі көздерінің автоматтандырылған бақылау жүйесімен және санитарлық-қорғау аймағы шекарасында жабдықтау;
- Сұйық күкіртті жер астында сақтау;
- Түйіршікті күкіртті реклеймер көмегімен тиеу;
- Кәсіпорын аумағын көгалдандыру және 40% санитарлық-қорғау аймағы
- Ластаушы көздерінен шығарындыларға тоқсан сайын бақылау жүргізу.

Қалдықтардың қоршаған ортаға әсерін төмендетудің негізгі шаралары:

- Құрамында тұз бар қалдықтарды тауарлық өнімге қайта өңдеу;
- Қалдықтарды іріктеу;
- Қалдықтарды жинау және сақтау және арнайы жабдықталған орындарда бастапқы өңдеу;
- Қайта пайдалану, қайта өңдеуге немесе кейіннен бақылаумен кәдеге жарату үшін мамандандырылған ұйымдарға беру;
- Қалдықтарды басқару бойынша мердігерлік ұйымдарды бақылау.

Сонымен қатар шикізат пен материалдарды қайта және ұтымды пайдалану есебінен қалдықтардың түзілу көлемін барынша азайту мәселесі қарастырылуда.

№24 слайд Табиғатты қорғау шаралары

Жер ресурстарына әсерді азайту жөніндегі негізгі іс-шаралар:

Бөлінген жер учаскесін ұтымды пайдалану;
Жұмыс жүргізу кезінде бұзылған жерлерді қалпына келтіру;
Бекітілген қозғалыс сызбалары бойынша автокөліктің жүруі.

Су ресурстарына әсерді азайту жөніндегі негізгі іс-шаралар:

- Суды қайта пайдалану технологиясын қолдану;
- Баламалы су көздерін іздеу;
- Мердігер ұйымдардың суды ұтымды пайдалануын бақылау;
- Жасыл желектерді кейіннен суару үшін жаңбыр суын жинау;
- Су тұтыну және су тарту есебін нақты ұйымдастыру;
- Жер асты суларына мониторинг жүргізу.

Өсімдіктер мен жануарлар дүниесін жағымсыз әсерлерден қорғау үшін келесідей іс-шаралар көзделеді:

- Үй жануарларының өндірістік нысандарға кіруіне жол бермеу үшін қоршаулар жасау;
- Кұстарды үркіту жүйесін орнату;
- Жұмыстарды тек бөлінген аумақта жүргізу;
- Техникалық және биологиялық қалпына келтіруді жүргізу.

№25 слайд Кәсіпорын аумағын көгалдандыру

Жобада ауданы 113831 м² аумақты көгалдандыру көзделеді;

Отырғызылатын материал саны:

Кәдімгі қарағаш - 431 көшет;

Татар ұшқаты - 39 түп;

Кәдімгі қына ағашы - 683 түп;

Ырғай - 588 түп;

Раушандардан гүлзар - 56 м²;

Жай көгал - 108625 м².

Сонымен қатар, санитарлық-қорғау аймағының 40% көгалдандыруы көзделеді, бірақ су ресурстарының шектеулі болуына байланысты келісілген жол картасына сай құрылыс учаскесінде Атырау облысы әкімдігінің келісімі бойынша су ресурстарымен қамтамасыз етілген аумақтарды көгалдандыру мәселесі қаралуда.

ҚОРЫТЫНДЫЛАР:

Ілеспе газды 1 млрд м³ көлемінде өңдеу процесі газдың қабатқа кері айдауын азайтады.

Жоғарыда аталған бірқатар технологияларды қолдану қоршаған ортаға әсерді айтарлықтай төмендетеді.

Барлық іс-шараларды, талаптарды және нысанды салу және пайдалану кезеңінде мерзімді бақылауды сақтай отырып, жергілікті халықтың қоршаған ортаға, денсаулығына және өмір сүру жағдайларына қайтымсыз салдарларды болдырмауға болады.

ҚР Экологиялық кодексінің 78-бабының негізінде іске қосылғаннан кейін іске асырылған жоспарланған қызметтің ықтимал әсерлер туралы осы есепке сәйкестігін растау мақсатында нақты әсерлерге жобадан кейінгі талдау жүргізілетін болады.

КЕЛЕСІ ЖОБАЛАР БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУЛАР:

" АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАШАҒАН КЕН ОРНЫНДА ӨНІМДІЛІГІ ЖЫЛЫНА 1 000 000 000 НМ3 ГАЗДЫ КЕШЕНДІ ДАЙЫНДАУ ҚОНДЫРҒЫСЫ ТҮЗЕТУ " " ЖҰМЫС ЖОБАСЫНА ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БӨЛІМІ.

2023-2032 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН "GPC INVESTMENT" ЖШС КӨЗДЕРІНЕН АТМОСФЕРАҒА ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ЖОЛ БЕРІЛЕТІН ШЫҒАРЫНДЫЛАР НОРМАТИВТЕРІНІҢ ЖОБАСЫ.

2023-2032 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН "GPC INVESTMENT" ЖШС ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

"GPC INVESTMENT" ЖШС ҮШІН 2023-2032 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ӨНДІРІСТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

2023-2032 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ІС-ШАРАЛАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

Тапсырыс беруші: «GPC Investment» ЖШС
Жұмыс жобасын әзірлеуші: «Промстройпроект ЖИ» ЖШС
Экологиялық жобаларды әзірлеуші: «Audit Ecology» ЖШС
2023 жылдың 18 сәуірінде қоғамдық тындау

2022 жылғы көрсеткіш бойынша Еуропа елдеріндегі табиғи газдың тұтыну құны мен біздің елдегі құнның салыстырмасы (АҚШ доллары, 1000 текше м.)

Место	Страна	Стоимость
1	 Қазақстан	58,5
2	 Россия	96,2
3	 Беларусь	138,7
4	 Түркия	145,8
5	 Венгрия	315,0
6	 Сербия	360,6
7	 Босния и Герцеговина	383,2
8	 Хорватия	420,1
9	 Литва	445,0
10	 Словакия	459,6
15	 Молдова	536,9
30	 Нидерланды	1 191,5
31	 Дания	1 363,4
32	 Швеция	1 973,8

На основе данных «РИА Рейтинг»

Finprom.kz

ҚАУШПЕР:

- Газ тапшылығының 2030 жылғы деңгейі жылына 10 млрд. текше м. дейін жететіндігі болжануда.
- Шұғыл шараларсыз газ экспорты 2023 ж. тоқтайды.
- Газдың тиімсіз бағасына байланысты Ұлттық оператордың дефолт (күйреу) қаупі бар.



2015-2021 ЖЖ. МЕРЗІМІНДЕ:


1. Ішкі нарықта тұтыну көлемі 50%-ға өсіп, 2021 ж. – 17,5 млрд. текше м. құрады (2015ж. – 11,5 млрд.м³).
2. QazaqGaz тіркелген абоненттерінің саны 2022 ж. 1,47-ден 2,2 млн. текше м. дейін 48%-ға өсті.

Газды бөлудегі басымдылықтар

1. Халық
2. Жылу-энергетикалық кешен, шағын және орта бизнес, коммерциялық тұтынушылар
3. Болашақ тұтынушылар
4. Экспорт

Жоба сипаттамасы

Жалпы ақпарат



- Құрылыс орны: Атырау облысы
- Қуаттылығы: Ілеспе мұнай газының 1 млрд текше метрі
- Жүзеге асыру мерзімдері: 2021-2025 жж.
- Жобаның бастапқы құны: 500 млрд тнг. дейін
- Тапсырыс беруші: «GPC Investment» ЖШС (100% басқару сенімшарты «QazaqGaz» ҰК тиесілі)

Әлеуметтік-экологиялық әсер

Негізге

- Ішкі нарықтағы табиғи газ мөлшерінің көбеюі;
- Сұйытылған газ мөлшерінің көбеюі;
- Көмірді тұтыну деңгейінің азаюы;
- Жер қойнауына газдарды кері айдау көлемін азайту.

Өнімдер

- Ілеспе газдан алынатын өнімнің жылдық көрсеткіштері:
- 719 млн текше м. табиғи газ;
 - 114 мың тонна сұйытылған газ;
 - 14 мың тонна газ конденсаты;
 - 204 мың тонна түйіршіктелген күкірт.

Экономикалық әсер

Жобаның әсері

- Ішкі нарықтың табиғи газбен толығыуы;
- Шағын және орта бизнестің даму мүмкіндігі.

Әлеуметтік-экономикалық әсер


- Құрылыс кезіндегі уақытша жұмыс орындары - 2000-ге дейін;
- Жаңа тұрақты жұмыс орындары – 600ге дейін;
- ТШО мекемесінің жобасынан (ПБР-ПУУД) және КРІ-дан босаған кадрларды жұмылдыру мүмкіндігі қарастырылады.



- Қазіргі уақытта бас мердігердің мәртебесі анықталмаған;
- Жұмыстарды бұрынғы бас мердігер тартқан қосалқы мердігер жүргізеді;
- Оператор (GPCI) мен қосалқы мердігер (КС) арасында тікелей шарттық қатынастар жоқ;
- Қазіргі уақытта ЖСҚ технологиялық шешімдердің бір бөлігі бойынша мемлекеттік сараптамада қайта бағалаудан өтуде;
- Оның қорытындысы бойынша жобаның сметасы түзетілі;
- Бас мердігер мәртебесі 2023 жылдың маусымына дейін анықталды.


1. Жобаны қайта бастау және жұмысқа қабылдауды басталуы - 2022 ж. қараша айы,
 - Қызметкерлер саны (900 адам және одан жоғары) - 2023 жылғы 3 тоқсаннан бастап және 2024 жылғы 2 тоқсанға дейін;
 - Ең жоғары жұмысшылар саны (1700-1900) - 2023 жылдың тамызынан 2024 жылдың ақпанына дейін.
2. Қазіргі уақытта құрылыс алаңында 600-ге жуық адам жұмыс істейді. Бұл ретте қосалқы мердігер Атырау облысының 278 адамын жұмысқа орналастырды, оның ішінде Мақат ауданының 57 адамы бар (Доссор а. – 43, Мақат а. – 8, Ескене ст. – 6).
3. Біліктілікке сәйкес Персоналды тарту және іріктеу жұмыс көлемі бойынша:
 - Атырау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру басқармасы және Samruk Qyzmet.kz, Enbek.kz сайттары арқылы,
 - Атырау қаласы мен Мақат ауданындағы Бос орындар жәрмеңкесі арқылы біртіндеп жүргізіледі.


Персоналды қабылдау рәсімін белгілеу Бірлескен жұмысқа қабылдау рәсімін белгілеу жөніндегі іс-шаралар



«GPCI» ЖШС мердігерлік ұйымдардың персоналын іздеу және іріктеу рәсімі







пайдалану кезінде қоршаған ортаға кері әсерді азайту үшін қолданылатын заманауи технологиялар мен әртүрлі жоспарланған іс-шаралар



DOW UCARSOL™ HYBRID 920,940 күкіртті тазалау қондырғысына арналған амин ерітіндісі. Тұжырымдалған DOW UCARSOL HS-103 ерітіндісімен SCOT әдісін қолдану.

- 1.5 есе энергетикалық ресурстарды қолдануды төмендету.
- Тауарлық газдың сапасын жақсарту.
- SCOT әдісін қолдануы **кемінде 99,5%** күкірт алуды қамтамасыз ететін деңгейге дейін пешті жағуға түсетін соңғы газдағы күкіртсутегінің концентрациясын төмендетуге алып келеді.



- Энергетикалық ресурстарды қолдануды төмендету.
- Шығын материалдардың жұмыс мерзімін ұлғайту және қалдықтардың көлемін азайту.



Инновациялық жабық типті факел қондырғысы (ЖТФ)

Жабық типті факел конструкциясы ашық факел типтермен салыстырғанда көптеген артықшылықтарға ие:

- Түтінсіз жану;
- Шу әсерінің азаюы;
- Бу түзілу үшін су көлемінің қолдануының төмендеуі;
- Қоршаған ортаға тасталатын көмірсутектер мен ұшпалы органикалық қосылыстардың көлемінің төмендеуі.

Газды кешенді дайындау қондырғыларын пайдалану кезінде қоршаған ортаға кері әсерді азайту үшін қолданылатын заманауи технологиялар мен әртүрлі жоспарланған іс-шаралар



- Түйіршіктелген күкіртті теміржол вагондарына тиеуді автоматтандыру;
- Тиеу жұмыстары кезінде күкіртті бар тозаң бөлшектерінің қоршаған ортаға таралуын азайту;
- Ішкі сұраныс бойынша өткізу.



- Сұйық күкірттің жерасты сақтау қоймаларын қолдану;
- Құрамында күкіртті бар тозаң бөлшектерінің қоршаған ортаға таралуын азайту;
- Күкірт карталарына арналған жер учаскелерін пайдалану қажеттілігін жою.



- Суды тазарту және қайта пайдалануды қамтамасыз ететін технологияларды пайдалану:
- Вахталық ауылдан, саниралық-қорғау аймағынан, өрт депосынан, газды кешенді дайындау қондырғыларынан тұрмыстық су ағындарын тазалау блогы;
 - Газды кешенді дайындау қондырғыларынан өндірістік-жауын ағындарын тазалау блогы;
 - Қышқыл суды булау блогы;
 - Құрамында тұз бар су ағының булау блогы.


Жобаны түзетудің негізгі себептері

1. Негізгі және қосалқы технологиялық жабдықтардың топтастыру, орналасу орындарын өзгерту;
2. Алдыңғы слайдтарда көрсетілген бірқатар жаңа технологиялық жабдықты қосу;
3. Апаттық жағдайларға арналған ашық жану факелін қосу;
4. Құрылыс мерзімдерін өзгерту.

Ағымдағы күні Жоба сатысына түзету орындалды, «Мемсараптама» РМК-нің порталына жүктелді.



	шілде, 2022 (құрылыс тоқтатылды)	сәуір, 2023	шілде, 2022 (құрылыс тоқтатылды)	сәуір, 2023	
Кіреберісегі сепаратор			Сұйылтқан газ және конденсат саясу қоймасының басқару орталығы		
Сұйылтқан газ саясқу қоймасы			Өндірістік сумен қамту қондырғысы		
Сұйылтқан газ саясқу қоймасы			Өрт сөндіру қондырғысы		




Құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде «Атырау Тау Кен» ЖШС тиесілі «Досалы-1» карьерінің сазы қолданылады.

Карьердің орналасқан жері:


- Құрылыс алаңының шығысында - 2,5 км
- Ескене жол айрығының оңтүстігінде - 3,56 км.





Қондырғының санитарлық қорғау аумағы 3300м құрайды.

- Қондырғыда келесі құрылғыларды орнату қарастырылған:
- 2 АБЖ құрылғысы санитарлық-қорғау аумағында орнатылады (Ескене станциясы және «Болашақ» ГКДҚ жағынан);
 - Қондырғының барлық негізгі ластаушы кездерінде АБЖ оранытлады;
 - Қондырғының санитарлық қорғау аумағында 4 бақылау ұңғымалары қарастырылған.



Қоршаған ортаны қорғау бөлімі келесі кезеңдерге әзірленді:

- Құрылыс кезеңі
- Іске қосу-баптау жұмыстарының кезеңі
- Пайдалану кезеңі

Рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы келесі кезеңдерге әзірленді

- Іске қосу-баптау жұмыстарының кезеңі
- Пайдалану кезеңі

Қалдықтарды басқару бағдарламасы келесі кезеңдерге әзірленді:

- Құрылыс кезеңі
- Іске қосу-баптау жұмыстарының кезеңі
- Пайдалану кезеңі

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары келесі кезеңдерге әзірленді:

- Құрылыс кезеңі
- Іске қосу-баптау жұмыстарының кезеңі
- Пайдалану кезеңі

Өндірістік экологиялық бақылау келесі кезеңдерге әзірленді:

- Құрылыс кезеңі
- Іске қосу-баптау жұмыстарының кезеңі
- Пайдалану кезеңі

Пайдалану кезеңіндегі шығарындылардың негізгі көздері:

- Түтін құбырларынан шығатын газдар;
- Жабдықтан мүмкін ағулар;
- Өндірістік жайлардан шығатын желдету шығарындылары;
- Жабық типті факелде газды жағу.



Пайдалану кезеңіне шашырау есебіне сәйкес максималды концентрациялар (ШРК)

Қоспа	СҚА	Тұрғын аймақ
Азот (IV) диоксиді	0,07	0,06
Азот (II) диоксиді	0,006	0,005
Көміртегі (күйе)	0,04	0,03
Күкірт диоксиді	0,96	0,87
Қарапайым күкірт	0,17	0,09
Күкіртсутек	0,68	0,39
Көміртекоксиді	0,01	0,008
Метан	0,003	0,001
С1-С5 шектік көмірсутектер қоспасы	0,005	0,003
С6-С10 шектік көмірсутектер қоспасы	0,013	0,009

Стационарлық көздерден құрылыс, іске қосу жөндеу жұмыстары және пайдалану кезеңіне ластаушы заттардың жиынтық шығарындылары

Құрылыс кезеңі 2023 ж.

- Барлығы: 1476 т/жыл;
- Қатты – 921 т/жыл;
 - Газ тәріздес – 555 т/жыл.

Құрылыс кезеңі 2024 ж.

- Барлығы: 534 т/жыл;
- Қатты – 225 т/жыл;
 - Газ тәріздес – 307 т/жыл.

ІҚЖЖ кезеңі 2024 ж.

- Барлығы: 3358 т/жыл;
- Қатты – 135 т/жыл;
 - Газ тәріздес – 3223 т/жыл.

Пайдалану кезеңі 2025-2032 жж.

- Барлығы: 5005 т/жыл;
- Қатты – 531 т/жыл;
 - Газ тәріздес – 4474 т/жыл.

Қалдықтарды басқарудың ұйымдастыру құрылымының схемасы

Қалдықтардың пайда болу көлемі

Құрылыс кезеңі 2023 ж.	Құрылыс кезеңі 2024 ж.	ІҚЖЖ кезеңі 2024 ж.	Пайдалану кезеңі 2025-2032 жж.
Қалдықтардың 16 түрі Барлығы: 918 т/жыл Тұтыну қалдықтары: 225 т/жыл; Өндіріс қалдықтары: 693 т/жыл	Қалдықтардың 16 түрі Барлығы: 799 т/жыл Тұтыну қалдықтары: 225 т/жыл; Өндіріс қалдықтары: 574 т/жыл	Қалдықтардың 27 түрі Барлығы: 56334 т/жыл Тұтыну қалдықтары: 127 т/жыл; Өндіріс қалдықтары: 56207 т/жыл	Қалдықтардың 48 түрі Барлығы: 1149 т/жыл Тұтыну қалдықтары: 229 т/жыл; Өндіріс қалдықтары: 920 т/жыл

Қалдықтардың негізгі қауіпті түрлері


- Пайдаланылған майлар;
- Пайдаланылған аккумуляторлар
- Пайдаланылған ыдыс
- Пайдаланылған катализаторлар
- Сүзгілеуші материалдың қалдықтары

Қалдықтардың негізгі қауіпті емес түрлері

- Молекулалық елек
- Молекулалық електен бос ыдыс
- Тамақ қалдықтары
- Қатты тұрмыстық қалдықтар
- Құрылыс қалдықтары




Құрылыс кезеңіндегі сумен жабдықтау және су тарту



Іске қосу жөндеу жұмыстары және пайдалану кезеңіндегі сумен жабдықтау

«Астрахань-Маңғышылақ»
Магистральды су құбырынан
ГКДҚ сумен жабдықтау
Сумен жабдықтауды қамтамасыз
етудің баламалы нұсқалары
қарастырылуда



Шаруашылық-
тұрмыстық су / ауыз су
(122,73 м3/тәул)

Өртке қарсы және
өндірістік су (281,5
м3/тәул)

Жанбыр суы



Айналымды сумен
жабдықтау жүйесі
(83719,92 м3/тәул)

Іске қосу жөндеу жұмыстары және пайдалану кезеңіндегі су тарту

Су тарту


Шаруашылық-
тұрмыстық
канализация
(122,73 м3/тәул)

Құрамында тұз бар
науалардың
өндірістік
канализациясы
(254,64 м3/тәул)

Өндірістік-жауын
(нөсерлік) канализация
(306,72 м3/тәул)



Өңделмеген суды тұтынуды азайту үшін,
технологиялық қажеттіліктер үшін тазартылған қайта
өңделген суды ҚАЙТА пайдалануға мүмкіндік беретін
қондырғылар қарастырылады



Вахталық ауыл, СҚА,
өрт депосы, ГКДҚ
тұрмыстық су
ағындарын тазалау
блогы
(113,53 м3/тәул)

ГКДҚ өндірістік-
жауын
ағындарын
тазалау блогы
(306,72 м3/тәул)

Қышқыл суды
булау блогы
(349,44 м3/тәул)


Құрамында тұз бар
ағыны булау блогы
(203,72 м3/тәул)


судың 65,2 %-ы тазартудан кейін қайтарылады

ҚО компоненттері	Ұйымдастырушылық, технологиялық және табиғатты қорғау іс-шараларының кешені
Атмосфералық ауа	<ul style="list-style-type: none"> Жабық типті факел қондырғысы; Шығатын газдарды жағу пеші қондырғысы; Ластанудың негізгі көздерінің АБЖ және СҚА шекарасында жабдықтау Сұйық күкіртті жер астында сақтау; Түйіршікті күкіртті реклеймер көмегімен тиеу; Құрылыс кезеңіндегі шаң басу; СҚАның 40% көгалдандыру
Қалдықтар	<ul style="list-style-type: none"> Құрамында тұз бар қалдықтарды тауарлық өнімге қайта өңдеу; Қалдықтарды іріктеу; Қалдықтарды арнайы жабдықталған орындарда жинау және сақтау; Мамандандырылған ұйымдарға беру және бақылау; Қалдықтарды басқару бойынша мердігерлік ұйымдарды бақылау.



ҚО компоненттері	Ұйымдастырушылық, технологиялық және табиғатты қорғау іс-шараларының кешені
Жер ресурстары	<ul style="list-style-type: none"> Бөлінген жер учаскесін орынды пайдалану; Жұмыс жүргізу кезінде бұзылған жерлерді қалпына келтіру; Бекітілген қозғалыс схемалары бойынша автокөліктің жүруі.
Су ресурстары	<ul style="list-style-type: none"> Суды қайта пайдалану технологиясын қолдану; Баламалы су көздерін іздеу; Мердігер ұйымдардың суды ұтымды пайдалануын бақылау; Жасыл желектерді кейіннен суару үшін жаңбыр суын жинау.
Өсімдіктер мен жануарлар әлемі	<ul style="list-style-type: none"> Үй жануарларының өндірістік нысандарға кіруіне жол бермеу үшін қоршаулар жасау; Құстарды үркіту жүйесін орнату; Биологиялық қалпына келтіруді жүргізу.





Көгалдандыру ауданы:

- Аумақта – 113831 м²;
- Санитарлық қорғау аймағының 40%.

Отырғызылатын көшеттердің саны:

- Кәдімгі қарағаш - 431 көшет;
- Татар үшқаты - 39 түп;
- Кәдімгі қына ағашы - 683 түп;
- Ырғай - 588 түп;
- Раушандардан гүлзар - 56 м²;
- Жай көгал - 108625 м².

Назарларыңызға
рақмет!